

Тақырыбы: Мен жастарға сенемін!

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ақыны Мағжан Жұмабаев өмірі, шығармашылығы туралы оқушылардың ойын дамыту, сөйлеу қабілеттілігін арттыру, ұлтын сүюге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, оқушылар! Біздер бүгін қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, шолпан жұлдызы, ұлттың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы ой бөлісу үшін дөңгелек үстел ұйымдастырып отырмыз. Бүгінгі шығармашылық кешіміздің тақырыбы «Мен жастарға сенемін». Төрт кезеңнен тұрады.

I кезең. «Сырлы ой»

II кезең. «Жыр толғау»

III кезең. «Кинометофора»

IV кезең. «Ой түйін»

Жүргізуші: Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі жарық жұлдызы, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында - ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Ең алдымен сыршыл ақын. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да, сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқырманның жүрегіне жол таба білді.

Мұсахмет Балауса

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөлі жағасында дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы. Азан шақырып қойған аты- Әбілмағжан.

Сейтмаханбет Жұлдызай

Атасы -Жұмабай қажы. Әкесі Бөкен саудамен айналысқан дәулетті адам болған Бөкен өжет, өте пысық еді. Қоянды базарына жиі қатынайтын. Сол ұзын жолда ыңылдап өлең шығарады екен. Отыздың бел ортасында елге билік айтуға қолы жетті, болыстыққа сайланды. Анасының есімі Гүлсім. Ақын төрт жасында хат таныған.

Ақсейт Айым

1905-1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) мешіт жанында белгілі татар зиялысы М.Бегишев ашқан медреседе оқыды. Бигешевтен Фирдоуси, Хафиз, Сағди, Омар Хайям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді.

Батырхан Гүлсезім

Ақын арманы-шығармашылық Одақ құру еді. КСРО Жазушылар Одағы «Алқа» деп ат та қойып үлгерген еді. Бірақ осы арман- мұраты ақынның

түбіне жетті. Сол үшін Мәскеудегі түрмеге қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі.

Дәулет Ақбаян

Түрмеден босап шыққан соң, туған жері Қызылжарда қазақ мұғалімдеріне арналан арнайы курс ашады. Түрмеден кейін небары бір жылдан кейін «Халық жауы» деп қайта сотталып, 1938 жылы наурызайында Жұмабаев ату жазасына кесіледі.

Талғат Жансұлу

Жұмабаевтың есімін ақтау ісі 1958 жылы қолға алынғанымен, ақын шығармалары 1989 жылы ғана қайтадан жариялана бастады. 1995 жылдан М. Базарбаев, С. Қирабаев, Х. Абдуллин, Ш. Елеукенов, Б. Дәрімбет, Ш. Сариев бастаған ғалымдар тобы Жұмабаевтың 3 томдық шығармаларын шығаруды қолға алды.

Ал енді сол сыршыл ақынның өмір жолын бейнебаяннан тамашаласақ.

II кезең. «Жыр толғау». Ақынның шығармаларына кезек берсек.

Сейтмаханбет Жұлдызай

Түркістан

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан –ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңір берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,

Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.

Тұранның жері менен суы да жат,

Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі -шексіз шөлі қандай,

Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!

Тұранның дария аталған өлеңдері

Тасыса, шөлді басқан селі қандай.

Мұсахмет Балауса

Мен кім?

Арыстандай айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте -бұлт, жерден-желмін гулеген,
Жер еркесі -желдің жөнін кім сұрар?

Көкте-Күнмін, Көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін -толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім -патша, өзім -қазы, өзім- би,
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!

Ақсейт Айым

Өмір

Мана көкті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып ұшырып құт.
Көк тұнжырап мұңайып, қабақ жауып,
Көз ашқанда аспанда жарқырап от.
Бұрқыратқан екпінді дауыл еді,
Сабап құйған жиіркеніш жауын еді.
Қорқып-сасып, жан жануар есі шығып,
Бәрі ақ іздеп баспана тауып еді
Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,
Бар нәрседен қайғы мұң кетті қашып.
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады,
Қосылуға қашаннан болған асық.

Талғат Жансұлу

Ауру

«Дәрігер, дәрі, бақсы!» -деп,
Алмаңдаршы мазаны.
«Тірліктен өлім жақсы!» -деп,
Сұраймын өзім қазаны.
Дене ауырса, дұрыс -ақ,
Дәрігер, бақсы ем қылар.
Жан ауырса, ойлап бақ,

Жанға емді кім қылар?
Уланды жүрек, жан күйед,
Ішім толған қызыл шоқ,
Не себептен, Тәңірі ие,
Денеге ем бар, жанға -жоқ?!

Абипейіз Мирас

Дәрігер

Маған айтты бір дәрігер:
-Таба алмассың бір ауру
Ұнамады деп айтқан
Мен істеген ем -дәру.
Ойладым: «Иә, дәрігерім,
Теріс деп ісің кім айтар!
Айтуға да қаратпас, Өлім келер, тіл байлар!»

Батырхан Гүлсезім

Туған жер

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық -алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын -шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен -түбім.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан -тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым сен Күнім.

Тәтті суың, дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең, далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..
Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Түнде -ақсүйек, алтбақан, ал күндіз
Үйретем деп ақсу тайға жабысып.

Даулет Ақбаян

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құсты қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың, —
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

III кезең. «Кинометафора»

Ал «Батыр Баян» фильмінен үзінді тамашаласақ.

1. «Батыр Баян» поэмасы жайында не айтар едіңіздер?

Мағжан поэмасының шыңы – Батыр Баян дастаны. Поэма аса көркем деңгейде ерекше шабытпен жазылған. Жан күйзелісі, сезімі, батырлық пен махаббат дастанда жыр болып өріледі. Поэма өзінің сюжеттік жағынан эпостық жырларға өте ұқсас.

2. Батыр Баян жоңғар қолбасшысынан Донжыдан қарындасының өтеуінен не сұрайды?

Қазақтың жерін босатасың, қазақ жеріне енді гәрі аяқ баспайсың.

3. Неліктен Батыр Баян өз інісін атты?

Жоңғарды қызына еріп қашып кетеді. Өйткені Ноян өз жеріне сатқындық жасайды.

4. Ноянның орнында болсаңдар сендер не істер едіңдер?

5. Фильмнің соңы немен аяқталады?

Батыр Баян Абылай ханды тыңдамай жалғыз өзі Жоңғардың жеріне баса көктеп барып Донжыны өлтіреді. Баянның әскері соңынан ілеседі. Нәтижесінде Дожыны жеңіп, Баян Жоңғарлардың қолынан қаза табады.

IV кезең. «Ой түйін»

Жүргізуші

«Мен жастарға сенемін» деп өзінің жалынды жырларымен қазақ жастарының рухын оятқан, ұлт болашағы үшін күрескен алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев. Ендеше бүгінгі дөңгелек үстеліміз өз мәресіне жетті. Кәрібай Сырымды ортаға «Мен жастарға сенемін» өлеңімен ортаға шақырамыз.

Мен жастарға сенемін!

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты-
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер-
Мен жастарға сенемін!
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылында ақпан айында Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай ұйымдастырылған «Мен жастарға сенемін» атты дөңгелек үстелдің

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Оқушыларға Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен поэзия жанрындағы еңбектерінен мағлұмат беру. Ақынның шығармалары арқылы оқушыларды әдебиетке деген қызығушылықтарын ояту, сөйлеу мәдениетін, ойлау шеберлігін дамытуға насихаттау.

Мектебімізде 22 ақпанда "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында пед ұйымдастырушы Ж. Кукеева 6"А" сынып оқушыларына Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай "Мен жастарға сенемін" атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел төрт кезеңнен тұрды.

I кезең. «Сырлы ой»

II кезең. «Жыр толғау»

III кезең. «Кинометофора»

IV кезең. «Ой түйін»

Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев 25 маусым 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. 19 наурыз 1938 жылы 44 жасында Алматыда дүниеден озды.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың өмірімен таныса отырып, оқушылар ғұмыр жолындағы ақпараттармен бөлісті. Ақын шығармаларына шолу жасалып, Ақсейт Айым, Абилпейіз Мирас, Мұсахмет Балауса, Дәулет Ақбаян, Батырхан Гүлсезім, Талғат Жансұлу, Сейтмаханбет Жұлдызай, «Түркістан», «Мен кім?», «Қазақ тілі», «Туған жер», «Дәрігер», «Өмір» жыр шумақтарын оқыды. Одан әрі Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы фильмінен үзінді көрсетіліп, фильмдегі кейіпкерлер туралы қызу талқыға түсті. «Мен жастарға сенемін» деп өзінің жалынды жырларымен қазақ жастарының рухын оятқан, ұлт болашағы үшін күрескен алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық кешін Кәрібай Сырым «Мен жастарға сенемін» өлеңімен түйіндеді.

Әдебиетте өшпейтін із қалдырған,
Қара өлеңнің құдіретін ұғындырған.
Алаштың ардақты ұлы Мағжан ата,
Қара көзді қазағым деп шырылдаған.
Ұлы Мағжан есімі мәңгі жасай бермек!

